

Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебінде 4 Ә сынып бойынша

2021-2022 оқу жылында «Жол қауіпсіздігі ережелері»

атты өткізілген тәрбиелік іс-шаралар бойынша анықтама


Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Соңғы уақытта көшелерде көлік саны көп болғандықтан алуан түрлі жол көлік апаттарының орын алып жатқандығын, сондай апат салдарынан жас өспірімдердің әртүрлі оқиғаларға душар болып жатқанын жасыруға болмайды. Осыған орай 4 сыныпқа әр айға бекітілген жоспар бойынша «Жол қауіпсіздігі ережелері» тәрбие сағаттарына кіріктіріліп өткізілді.

ЖЖЕ өткізудегі мақсатымыз оқушыларға жол ережесі туралы мағлұмат беру, жол қатынасы ережелерін меңгерту. Жолда жүрген сәттерде қауіпсіздікті қалыптастыру, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру; оқушыларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға; сақтыққа тәрбиелеу.

«Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Қауіпсіз жол», «Жол жүру ережесі», «Жол ережесінің қауіпсіздігі», «Жол тәртібін жадында ұста!», т.б. тақырыптарда сынып сағаттарын өткіздім.

«Тиым салынатын белгілер» «Жол таңбалары» тақырыбы бойынша 4 сынып оқушыларына жол ережелері туралы видеоролик көрсеттім. Жолда жүру ережелерін көшеде қатаң сақтаңдар, жол белгілерін жаттап алыңдар деп қатаң ескерттім.

«Абайла, жаяу жүргінші!» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Анықтама жазған:  Мадреймова Р.Д.